

AQTÓĠAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№23 (7912)

Жұма
2 маусым
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz

Ардақты ағайын! Қадірлі жерлестер!

Баршанызды 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1992 жылдың 4 маусым күні – ел тарихындағы ерекше мәртебелі күн. Біздің рәміздерге деген құрмет, азаматтардың өз елінің патриоты екендіктерін жоғары деңгейде түсінуі – ел болашағына деген сенім мен үлкен жауапкершіліктің өлшемі. Себебі, Ту, Елтаңба және Өнұран – өз мемлекеттілігін ғасырлар бойы аңсаған азат ұлттың орындалған арманының белгісі. Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған, мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бет түзеген жастарымызды демеп, игі істерімізді қолдай бергей!

Тәуелсіздігіміз туғырлы, егемендігіміз еңселі болу үшін біз өз елімізді, туған жеріміз бен Отанымызды ардақ тұтуымыз қажет. Оның ең алғашқы қадамы мемлекеттік рәміздерді құрметтеуден басталады. Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бастаған ұлы көшімізді демеп, игі істерімізді қолдай берсін!

Еліміз тыныш, халқымыз аман, туымыздың мәртебесі биік болсын!

Аудан әкімі
Р.Көкжелеков

Аудандық мәслихат
төрағасы Р.Әбеуов

Рухани жаңғыру

Өткенге құрмет – бүгінге міндет

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және апаршылық құрбандарын еске алу күні. Солақай саясаттың сызын тартқан қаншама боздақ өмірімен қоштасты. Балалар жетім, әйелдер жесір қалды. Алаштың ардақтылары жазықсыз жапа шегіп, көршілес елге жер аударылды. Атаулы күні Ақтоғай ауданы орталығында тағылымды шара болып өтті. Саяси қуғын-сүргін және апаршылық құрбандарын Ақтоғай жұртшылығы да бір минуттық үнсіздікпен еске алып, имам Бауыржан Омарбеков дұға бағыштады. Қарамойындағы (1932-1935 жылдары жұмыс істеген) жетім балалар мектебіне арнап орнатылған ескерткішке, «Тарих тағылымы» саябағындағы нәубет құрбандары құрметіне орнатылған ескерткіш тақталарға гүл шоқтарын қойды.

Шараны ашқан аудан әкімі Руслан Көкжелеков: – Өткен күнге көз жүгіртер болсақ, 1930-шы жылдардың аштығы мен 1937 жылдардағы репрессияның зардабын қоса есептегенде еліміз бойынша 3 миллионнан астам адам қырылғаны белгілі. Осы кезең аралығында Қазақстанда жүз мыңнан астам адам қуғынға ұшырап, ату жазасына кесіліпті. Бұл қасірет Ақтоғай өңірін де айналып өткен жоқ. Қаншама ел ағалары, қарапайым адамдар құрбан болды. Қаншама адам жазықсыз жапа шекті. Енді бүгін азалы тарихымызға бас ие отырып, аяулы азаматтар рухына тағзым ету, өткенімізге салауат айтып, тарихымыздың ақтандақ беттеріне жас ұрпақты бейжай қарамауға тәрбиелеу ең басты



парызымызға айналды, – деп, осынау бір адамзат тарихындағы қаралы жылдардың мазмұнына тоқталып өтті.

Мұнан соң аудандық мәслихат төрағасы Рашид Әбеуов ұлттық сананы оятуда талмай еңбек еткен Нұрбек Бөкеевтің 1932-1935 жылдары Қарамойында жетім балалар мектебін ашқандығын, ұлт санасының шамшырағы атанғандар қатарында ойып тұрып орын алатын ауданнан шыққан қоғам қайраткерлері жайлы тілге тиек етті.

Ұлты мен діні, тілі мен діліне қарамастан, мыңдаған адамдар, тоталитарлық жүйенің құрсауына ілігіп, өзгеше ойлағаны үшін кінәсіз сотталып, туған жерлерінен аяусыз айдалып, түрмелерде жазықсыз көз жұмды. Бүгінгі жас ұрпақ үшін, азат, Тәуелсіз

Қазақстанның әрбір азаматы үшін оларды еске алу және есте сақтау – қасиетті парыз.

Біздің халық қуғын-сүргін кесірінен жазықсыз жапа шеккен қайраткерлердің есімдерін еске алу, олардың рухына құрмет көрсетуді әруақытта да есінен шығарған емес. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін – мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттерінің бірі. Өйткені, әкімшілік-жазалаушы жүйе еңбектеген сәбиді де, еңкейген көріні де, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ. Ал сол бір қасіретті жылдарды есте сақтау – бүгінгі және келер ұрпақтың парызы.

Думан ҚАБЫЛ.

Қазақстан-2050: білім стандарты

Құлақтан үнің кетпестей, сыңғырла, соңғы қоңырау!

Жаңа өмір баспалдағына жолдама беретін соңғы қоңырау салтанаты – балалықтың соңғы өнін шырқайтын сәт. Бұл күні жақсы шәкірт азамат атанып, аяулы мектебіне деген қимастық сезімін кешеді. Ұлттың тірегіне айналып, үлгілі ұлқызды білім жолына бастаған ұстаздар да түлектерге сәт-сапар тілеп, қол бұлғайды. Арман қуып алысқа аттанар күні соғылған күміс қоңыраудың үні де сондығымен ыстық болып қала береді.

1 маусым күні аудан орталығындағы ұлт көсемі Ә.Бөкейхан атындағы Тірек мектебінің түлектері соңғы қоңырау соқты. Түлектерді, мектеп ұжымын аудан әкімінің орынбасары Серік Амралин құттықтады.

– Бұл күн алтын ұя мектепті бітіріп, бала шақтан болашаққа қанат қаққалы отырған, жүректері лүпіл қағып, қимастық пен қуаныш, аңсау мен арман сезімдері араласқан жас түлектер үшін ең бір қимас, ұмытылмас күн. Құрметті жас түлектер,



сіздерді әр адамның өміріндегі ең маңызды оқиғалардың бірімен құттықтаймын. Сіздердің алдарыңызда даңғыл жолдар ашылды. Мемлекет жастарға барлық мүмкіндіктерді жасауда, оқуға гранттар бар. Дәл қазір алдарыңызда тұрған басты мәселе – «келешекте кім боламын?» деген

сұраққа жауап іздеу. Менің ойымша, сіздер дұрыс таңдау жасап, өз жолдарыңызды таба аласыздар, – деді аудан әкімінің орынбасары С.Қабылұлы.

Сонымен қатар, үлкен өмірге қадам басқалы отырған шәкірттерге ата-аналар атынан Самат Рысжанов және мектеп

директоры Қайыржан Абдрахманов ақ жол тілеп, алдағы үлкен сынақ – Ұлттық біріншілік тестілеуден сүрінбей өтулеріне тілектестігін білдірді.

Сондай-ақ, бұл үшін мектеп бітіргендеріне 20 жыл болған түлектер жылы лебіздерін жеткізіп, өздері білім алған ұясына музыкалық аппарат тарту етті.

Мерекелі күнге орай ұйымдастырылған шараның ерекше сәті – мектеп бітіруші түлектер мен бірінші сынып оқушыларының соңғы қоңырау соғу салтанаты болды. Сыңғырлаған қоңырау үні қоштасу вальсіне ұласты. Балалық шақ және уайымсыз мектеп жылдарымен қоштасу мейрамында ұстаздар мектеп бітірушілерге ақ жол тіледі.

Айта кеткен жөн, биыл Ақтоғай ауданында жалпы 2893 оқушы болса, соның 154 оқушысы 11-сынып бітіреді. Оның ішінде 9 түлек «Алтын белгіге» үміткер болып отыр.

Думан Амангелдіұлы.



4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні

Тәуелсіздік нышандары насихатталды

Егемендігі өншісіне тиіп, шекарасын шегендеп, өз алдына дербес мемлекеттердің баршасының өзіне тән құндылықтарымен нақышталған рәміздері болатыны хақ. 1992 жылдың 4-ші маусымы біздің еліміздің мемлекеттік рәміздерінің дүниеге келген күні. Міне, содан бері аталмыш дата жыл сайын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні ретінде аталып өтеді. Жыл сайын ел көлемінде осынау мерейлі мерекені кең көлемде насихаттап, ұлттық құндылықтар ұлықталады.

Мұндай игі істерге Ақтоғай ауданы да бейжай қарамай, жоғарғы дәрежеде атап өтуге атсалысады. Сөзімізді қуаттау үшін маусым айының 2 жұлдызында болып өткен іс-шараны атап өтейік. Аудандық Жастар ресурстық орталығының ұйытқы болуымен Ақтоғай ауылының ішінде автошеру болып өтті. Шараға патриоттық рухы асқақ, жүрегі елім деп соғатын азаматтар және «Жасыл ел» жасағы қатысты. Бірінші кезекте барша автокөлік аудан орталығындағы «Алаш алаңында» тоқайласып, жүрегін бағытты



пысықтап алды. Содан кейін басы аудандық полиция қызметкерлері болып, ауылдың Ә.Бөкейхан, К.Байсейітова және Балқаш, Қарағанды бағытындағы күре жолмен жүріп өтті. Сонын ала ауыл іргесіндегі «Домбыра» монументінің

жанында аялдаған ауыл азаматтары көк байрақпен естелік суретке түсті. Сонымен қатар, ізгілікке бастайтын игі шараны эстафета ретінде Бұқар жырау ауданының жастарына жолдалды.

Е.АЙТЖАН.

Жаңа тағайындау



Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкімінің өкімі

26 мамыр 2023 ж. №80-к Ақтоғай ауылы Н.С.Сейтовты «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің басшысы етіп тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік қызмет туралы» №416-V Заңының 29-бабының 1 тармағына және 30-бабының 1 тармағына сәйкес ӨКІМ ЕТТІМ:

Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған Сейтов Нуржан Саулебайұлы 2023 жылдың 26 мамырынан бастап «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің басшысы (Е-Р-1 санаты бойынша) болып тағайындалсын.

Ақтоғай ауданының әкімі Р.Кәңжебеков.

Сейтов Нуржан Саулебайұлы 1989 жылы Ақтоғай ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары, Қарағанды «Болашақ» университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2008 жылы Балқаш қалалық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінде бастаған. 2009-2010 жылдары «Берер» ЖШС-де заңгер, 2010-2014 жылдары «ХҚКО №1 Ақтоғай аудандық бөлімі» жинақтау секторының бас маманы, 2014-2015 жылдары «ХҚКО Балқаш қалалық бөлімі» жинақтау секторының инспекторы, 2015-2016 жылдары «Шашубай кенті әкімі аппараты» ММ-де бас маман, 2016-2017 жылдары «Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы» ММ-де бас маман-мемлекеттік еңбек инспекторы, 2017 жылдан бүгінгі күнге дейін Тасарал аудандық округінің әкімі қызметін атқарған.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Атқарылған істің төрешісі – халық

Былтырдан бері қалыптасқан үрдіс бойынша аудан әкімі Р.Кәңжебеков биылғы жылдың екінші тоқсандағы есептік жұмысын әрмен қарай жалғастырды. 26 мамыр күні өңір басшысы **Кежек ауылдық округіне** ат басын тіреп, ауыл тұрғындарымен жүздесіп қайтты. Аталмыш жиынға аудан әкімінен бөлек, мекеме-бөлім басшылары қатысты. Р.Айткәңұлы бірінші кезекте ауыл әкімдігінде болып, ондағы жай-күйге қанық болды. Мұнан кейін, аудан әкімі бастаған алқалы топ клуб үйінде жиналған қауыммен жүздесті. Р.Кәңжебеков жалаң сөз, жалған уәдеге сөз шығындамай, аудан көлемінде және Кежек ауылдық округі бойынша күні бүгінге дейін атқарылып жатқан жұмыстар легін атап өтіп, жұртшылықты хабардар етті. Содан кейін, сөз кезегін кежектіктерге беріп, тұрғындардың айтар уәжі мен тілегіне құлақ түрді. Ерте көктемнен Кежек ауылында тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде үйді-үйге су тарту жұмыстары жүргізіліп, аяқталуға да шақ қалды. Осы тұста жиын барысында ауылға таяуда ғана қоныс аударған жас маман өзінің қазіргі тұрып жатқан үйінде күні бүгінге дейін ешкім тұрмағаны себепті орталық су жүйесінен сол үйге су тартылмағанын айтып, су тасудың ауырлық танығатынын

айтты. Кезекті жиын соңынан аудан әкімі Р.Кәңжебеков, Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы А.Қапашев және «Ақтоғай-Су» ЖШС директоры Е.Керімбай өтініш білдірген тұрғынның үйіне арнайы барып, мән-жайды көзбен көріп, мәселеге қанық болды. Және су құбыры үй қоршауына дейін тартылатыны жеткізілді.

Бұдан кейін өңір басшысы ауылдағы білім ұясына барып, мектептің хал-ахуалын көзбен көріп, оқушылармен тілдесіп қайтты.

Іссапар одан әрі **Жидебай ауылдық округіне** қарасты Үшарал ауылында жалғасын тапты. Клуб үйінде өткен жиынға ауыл тұрғындарының дені қатысты. Жиынды тізгіндеген өңір басшысы қысқа-нұсқа ақпар беріп, одан кейін бұқараның базынасына құлақ түрді. Аталмыш шарада аудан көлеміне ортақ мәселе – электр тоғының жиі сөнугіні және шабындық жердің тапшылығы айтылды. Осы жер мәселесі жөнінде Р.Айткәңұлы жуырда комиссия құрылатынын және өзі бастап, игерілмей құр жатқан жерлерді аралап, арнайы шара қолданатынын айтты.

Е.Мұстафин.

Балалық шақтың сәулелі сәті



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай аудандық балалар кітапханасы Ж.Шайдаров атындағы мәдени-демалу саябағында «Балалар – біздің болашағымыз» атты тақырыпта ертеңгілік ойын түрлерін өткізді.

Мақсат – балаларға шын көңілден шаттық көңіл-күй сыйлап, мереке атауларымен таныстыру. Балаларды қорғау күні қалай аталып өтілетінін өз көздерімен таныстыру. Мерекеге жақсы көңіл-күй керек екенін балаларға ұғындыру.

Адам өміріндегі жарқын естеліктер балалық шақпен байланысты. Балалық шақтағы айтулы оқиғалар адам жадында



мәңгіге қалары сөзсіз. Біздің елімізде балаларды қорғау – басты мақсат. Ел

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үлкен қамқорлығымен балаларымыздың

денсаулығы, әлеуметтік жағдайы, білім алуы, салауатты өмір салтымен байланыстыруда. Балалар – біздің басты байлығымыз! Сондықтан, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – жас буынның жан-жақты өсіп-жетілуіне жағдай жасау, оларды құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғау.

Саябақта ұйымдастырылған тағылымды шара барысында балалармен «Логикалық сұрақтар», «Пингвин ойыны», «Арқан тартыс», «Тиын тастау», «Жұмбақ шешу» ойындары ойнатылды. Жарысқа белсене қатысқан бүлдіршіндерге сыйлықтар табысталды.

А.Қалиасқарова,
аудандық балалар кітапханасының
кітапханашысы.

Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округі әкімі лауазымына үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары



Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер Абенова Лаззат Муратовнаның өмірбаяны

Мен, Абенова Лаззат Муратовна 1979 жылдың 10 сәуірінде Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылында дүниеге келдім. Осы ауылдың он бір жылдық мектебін 1996 жылы бітірдім. 1997 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің биология факультетіне түсіп, 2001 жылы осы аталған университетті биолог-бакалавр мамандығы бойынша тәмамдадым.

2001 жылдың қаңтары мен 2001 жылдың қыркүйек айы аралығында Тасарал орта мектебінде география пәнінің мұғалімі болып қызмет атқардым. 2001-2005 жылдар аралығында осы аталған университеттің магистратурасында оқып, 2005 жылы биология магистрі-біліктілігі мен академиялық дәрежесімен тәмамдадым. 2005 жылдың 15 қарашасынан бастап, Тасарал ауылдық округінің әкімі аппаратында бас маман міндетін атқарушы болып қызмет жасадым. 2007 жылдың 9-қаңтарынан бастап бас маман ретінде қабылдандым. 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап Тасарал жалпы білім беретін мектебінде биология пәнінің мұғалімі болып қосымша қызмет атқарамын.

Отбасында жұбайыммен бірге бір қыз және үш ұл тәрбиелеудемін.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті ауылдастар! Бұл – менің сайлауалды бағдарламаның қысқаша мазмұны. Бағдарлама ауылдың әл-ауқатын жақсартып, әлеуметтік және экономикалық дамуына бағытталған.

• Ауылдық округте кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасау, жаңа инвестициялық жобаларды дайындауды, тұрғындардың негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болғандықтан, мал басын көбейтіп және оның сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалар бойынша және басқа да қаржы несиелі институттарынан берілетін жеңілдетілген несиелер алуын, мал басын асылдандыру жұмыстарын ұйымдастыру;

• мал шаруашылығын дамыту, мал тұқымын асылдандыру, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу, кәсіпорындарын ашу;

• округтегі автомобиль жолдарын қалыптасты жағдайда ұстауға, жолдарға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жасауға, көшелерді жарықтандыру;

• ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейту және дәріхана ашу мүмкіндіктерін қарастыру;

• ауылдық округте «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы арқылы мамандар тарту;

• белсенді ауыл тұрғындарының, оның ішінде жастардың жеке кәсіп ашуына, кәсіпкерлікті қолдау;

• ауылдарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу;

• жолды сапалы ағымдағы жөндеуден және ауылшілдік жолдарды жөндеуден өткізу;

• елді мекендерді көгалдандыру, ағаш егу, абаттандыру жұмыстарын жетілдіру;

• ауыл адамдарының рухани және мәдени өмірлерінің жан-жақты болып, саламатты өмір салтын насихаттайтын кешенді іс-шаралар ұйымдастыру бағытында жұмыстар жүргізетін боламын.

Сіздердің алдарыңызда өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып, округ әкімі лауазымына үміткер ретінде алдағы сайлауға түсу мен үшін үлкен жауапкершілік деп түсінемін. Егер сайлау барысында сіздердің қолдауларыңызға ие болып жатсам, әкім болып, халқыма жақын болып, округтен жұмыс жасау, дамыту маған арқаланған үлкен жүк деп білемін.

(Материалдың жариялау ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Құқық заңнамасы

ҚР Әлеуметтік кодексі әділ әлеуметтік саясат үшін негіз болады және әрбір адамның туғаннан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейінгі өмір жолының кезеңдеріне сәйкес, барлық адамда бірдей бола бермейтін қажеттіліктерден туындауы мүмкін шараларды (өмірлік қиын жағдайдағы адамдар үшін әлеуметтік кепілдіктер) көрсете отырып құрылған.

Әлеуметтік кодекстің негізгі мақсаттары:

1. Отбасының цифрлық картасы (қолдау проактивті форматта көрсетіледі, атап айтқанда, азаматтарға әлеуметтік төлемдер мен көмек мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде бар деректер негізінде тағайындалады, ал қағаз құжаттар жүйеден кезең-кезеңімен алынып тасталатын болады).

2. Мемлекеттік қолдаудың жаңа парадигмасы (жаңа парадигмаға сәйкес мемлекеттік қолдау алдымен әлеуметтік төсекелдердің алдын алатын атаулы іс-шара, одан кейін ғана атаулы әлеуметтік көмек ретінде қарастырылады).

3. Әлеуметтік қызмет көрсетуді толық трансформациялау (мүгедектігі бар азаматтардың арнаулы әлеуметтік қызметтерге деген қолжетімділігін мемлекеттік емес ұйымдар, жеке сектор және отбасы мүшелерін тарту арқылы арттыру).

4. Азаматтарды зейнеткерлікке қамсыздандыру жүйесіндегі өзгерістер (алдағы 5 жылда базалық зейнетақы мөлшерін кезең-кезеңімен көбейту).

5. Жұмыспен қамту саласындағы өзгерістер (икемді жұмыспен қамтудың барлық түрін тану; жұмыс күшінің дағдыларын арттыру; жұмыспен қамтудың цифрлық орталықтары).

Осылайша, Әлеуметтік кодекс азаматтардың өздерінің әлеуметтік құқықтары мен міндеттері туралы біріншілік білім көзі болып табылады, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әл-ауқатына автоматтандырылған мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Кодексте қазіргі кездегі әлеуметтік қолдаудың барлық әлеуметтік кепілдіктері мен нысандарының, оның ішінде азаматтарды зейнеткерлікпен және жәрдемақылармен, сондай-ақ «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) тағайындалатын әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету сақталғанын атап өткен жөн.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі 2005 жылдан бастап әлеуметтік төсекелдердің 6 түрлі жағдайы басталған кезде жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейі ретінде енгізілді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары жұмыс берушілер жұмыскерлері үшін,

сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдар өздері үшін төлейтін ең төменгі жалақының кемінде бір және жеті еселенген мөлшерін аспайтын кірістің 3,5% мөлшерінде әлеуметтік аударымдар есебінен қалыптастырылады.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, жұмыс берушілердің қаражаты есебінен төленеді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру ынтымақтастық принципіне негізделген, өйткені әлеуметтік аударымдар барлық жұмыс істейтін азаматтар үшін төленеді, ал төлемдерді тек әлеуметтік төсекел туындаған адамдар ғана ала алады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында облысымыз бойынша Қорға 10,5 млрд. теңге сомасына 348 957 адам үшін әлеуметтік аударымдар түсті, ал Қордан әлеуметтік төлемдерді 10,1 млрд. теңге сомасына 38 893 адам алды.

Қордан еңбекке қабілеттілігін айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем мүгедектігі бойынша бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға медициналық-әлеуметтік сараптама жалпы еңбекке қабілеттілігін айырылу дәрежесін 30%-дан 100%-ға дейін белгіленген күннен бастап оның бүкіл кезеңіне еңбек қызметін жалғастыруына қарамастан жүргізіледі.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жылда Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске, сондай-ақ еңбекке қабілеттілігін айырылу дәрежесінің, жүйеге қатысу өтілінің және кірісті алмастыру коэффициенттеріне байланысты болады.

2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында Қордан аталған төлемді біздің облысы бойынша 1,6 млрд. теңге сомасына 11 273 адам алды.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақылар мен төлемдер 14,5%-ға арттырылады және бұл төлемдердің а.ж. 1 қаңтарынан бастап 8,5%-ға осы ескере отырып, жәрдемақылар мен төлемдердің жылдық мөңдегі осы 23% құрайды.

Қордан асыраушысынан айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем асыраушысынан айырылуы бойынша бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Төлемге құқық қайтыс болған (сот хабар-

Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер Балтышев Ерік Татқенұлының өмірбаяны

Мен, Балтышев Ерік Татқенұлы 1980 жылы шілде айының 7-сінде Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылында дүниеге келдім. 1997 жылы Тасарал орта мектебін бітірген соң, 1997-1998 жылдарда Тасарал ауылында «Ағыбай батыр» жеке шаруашылық серіктестігінде балықшы болып жұмыс істедім. 1998-2002 жылдарда Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетін тәмамдап, заңгер мамандығын алдым. 2002-2005 жылдарда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің «Заң шығару институтында» мемлекеттік сатып алу маманы, кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болып қызмет атқардым. 2005-2006 жылдары Қарағанды облысы Балқаш қаласында сот орындаушылар учаскесінің сот орындаушысы, 2006-2007 жылдары Қарағанды облысы Приозерск қалалық сотының маманы, Приозерск қаласының сот орындаушылар учаскесінің сот орындаушысы болып жұмыс істедім. 2007 жылдың қараша айынан бастап Приозерск қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығының реттеу зал бастығы, 2009 жылдың қаңтар айынан бүгінгі күнге дейін аталған мекеменің бөлім басшысы болып қызмет атқарып келемін. «AMANAT» партиясының мүшесімін.



Сайлауалды бағдарламасы

Ауыл тұрғындарымен етене араласып жүргендіктен, ауылдың күн сайынғы қиындықтарын бір кісідей жақсы білемін. Ауылды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз ету. Ауылдың ішкі жолдарын жөндеу. Саябақ ашу, балалар ойын алаңын салу сынды мәселелер толғандырады.

Осы аталған мәселелердің шешуін ауыл өмірін жақсарту бойынша ауыл азаматтарымен кеңесе отырып қарайтын боламын. Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:

- Көше жарықтарын толықтай орнатуға;
- ауылдағы барлық көшелердегі жолдың құрылысын толық, сапалы аяқталуына;
- саябақ ашуға, балалар ойын алаңын орнатуды қолға алуға;
- жас мамандарға қызметтік үй құрылысын салуға ықпал ететін;
- ауылға инвесторлар шақырып, туризмді дамытуға;
- ауыл жастарына спорт үйірмелерін аukumды етіп ашуға;
- мемлекеттік бағдарламаларды пайдалана отырып, ауыл тұрғындарынан кәсіпкерлердің санын арттыруға;
- сапалы медициналық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға;
- «Жастар – біздің болашағымыз» қағидасын басшылыққа алып, ауыл жастарын патриотизмге насихаттауға;
- жаңа мектеп салынуына және де мектеп жанынан балабақша ашуға;
- мектеп, клуб үйі, кітапхананың материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсартуға тиісті жұмыстарды ұйымдастыруға;
- жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Отбасы және әйелдер ісі кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізуге.

Мен ауыл бюджетінің шектеулі екенін түсінемін. Сондықтан, қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін.

– Ауылды абаттандыру жұмыстарына, тазалық мәселесіне көп көңіл аударамын.

– Ауылда туындаған проблемалардың уақыттылы және сапалы шешілуіне күшімді саламын.

(Материалдың жариялау ақысы республикалық бюджет қаражатынан төленді).

Әділ әлеуметтік саясат

парақта көрсетілген жүктілігі және босануы бойынша демалыс күнінен бастап тағайындалады. Төлем еңбекке уақытша жарамсыздық парағының барлық кезеңіне жүзеге асырылады.

Біржолғы әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 12 айда әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске және еңбекке жарамсыздық күндерінің санына байланысты болады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында Қарағанды облысы бойынша 4 607 алушыға аталған төлем шамамен 4,2 млрд. теңге сомасына жүзеге асырылды.

Қордан бір жарым жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем бала туған күннен бастап бала күтімін іс жүзінде жүзеге асыратын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына тағайындалады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жыл ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген жүйеге қатысушының кірісіне және кірісті алмастыру коэффициентіне (40% немесе 0,4) байланысты болады.

2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында аталған төлемді біздің облысы бойынша Қордан 3,2 млрд. теңге сомасына 16 099 адам алды.

Әлеуметтік кодекс шенберінде Қордан әлеуметтік төлемдерді тағайындау параметрлері өзгеріссіз сақталатынын атап өткен жөн.

Бұдан басқа, Әлеуметтік кодекс аясында 2023 жылдың 1-шілдесінен бастап жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды алып жүру бойынша қызмет көрсететін 30 мыңға жуық жеке көмекшіні міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтуды кеңейту қарастырылған. Бұл дегеніміз, әлеуметтік төсекелдер туындаған кезде жеке көмекшінің Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқығы болады, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан сақтандыру пакеті шенберінде медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа жеткенде базалық зейнетақы үшін еңбек өтілі және жинақтаушы зейнетақы төлеміне құқығы болады.

Жалпы, әртүрлі әлеуметтік төсекелдерден сақтандыратын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің дамуы азаматтарды нәтижелі және формалды жұмыспен қамтуды ынталандыруды көздейді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толық ақпаратты Қордың интернет-ресурсы (efss.kz), сондай-ақ Қордың және оның филиалының әлеуметтік желілерінің ақпанналарынан алуға болады.

С.Ошақбаев,
Ақтоғай ауданы бойынша әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы.

Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

Былғары қолғап шеберлері бақ сынады

27 мамыр күні Ақтоғай ауылында 2001 жылғы ауыл жастарының және Ақтоғай аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен тарихта алғаш рет бокстан ересектер арасында аудандық ашық турнир өтті. Жарыстың негізгі мақсаты жастар арасында бокс спортын насихаттау мен спорт пен дене шынықтыру жұмысын нығайту, жастарды өзара достыққа, патриоттық сезімге, ұлттық мәдениетке тәрбиелеу болды.



Ақтоғай ауданы жастары спорттың қай саласы болмасын облыстық, республикалық жарыстарда жақсы жетістіктерге жетіп, аудан атын асқақтатып келеді. Сондай-ақ, жас жеткіншектер арасында қазақ күресі, тоғызқұмалақ сынды ұлттық спорттық ойындардан спорт шеберлігіне үміткерлер бар. Аудан жастарының сұрауымен биыл аудан тарихында алғаш рет бокстан ашық турнир ұйымдастырылып отыр.

Былғары қолғап бәсекесін аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Серікбол Төкешов құттықтау сөзімен ашты.

– Бүгінде жас спортшыларымыз, жерлестеріміз аудандық, облыстық, республикалық турнирлерде көптеген жетістіктерге жетіп, биік шыңдарды бағындырып келеді. Бүгін ауданымызда бокстан осындай үлкен көлемде жарыс өткізіліп жатқанына қуаныштымыз. «Спорт – денсаулық кепілі» дейді. Келешекте сіздердің араларыңыздан республикалық деңгейдегі чемпиондар, олимпиада чемпиондары шығуына тілектеспін. Отанымыз осындай гүлдеп, жайнап тұрған шағында еліміздің көк туын желбіретіп, өнұранын ойната беріңдер. Барлықтарыңа сәттілік тілеймін, – деді С.Төкешов.

Одан соң сөз алған жарыстың бас төрешісі, кикбоксингтен ҚР Спорт шебері, Ұлттық дәрежедегі төреші Дулат Сәметов: – Қазіргі таңда Қазақстанда спорттың ең бір дамыған түрі бокс десек, сірә, қателеспейміз. Спорттың

«Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді. Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Спорт инфрақұрылымдарының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс...»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

осы бір жарқын түрі елімізді дүниежүзіне танытып, әлемдік додаларда қанжығамызды майланып жүргені де рас. Қазақстанда жастардың бұл спорт түріне қызығушылығы жоғары деп нық сеніммен айта аламыз. Сөзіміздің айқын дәлелі, Ақтоғай жерінде бокстан аудандық турнир алғаш



ұйымдастырылып тұрса да, қатысушылардың қарасы қалың. Ендеше, Ақтоғай жерінің жас дарын боксшыларына бақтары жана берсін, көрінген биік тұғырларыңнан еш төмендемеңдер, – деп шараның мән-маңызына тоқталды.

Жалпы, жарысқа ауданға қарасты кент, ауылдық округтерден 70-ке жуық боксшы қатысып, өз бақтары мен баптарын сыңға салды. Турнир нәтижесі бойынша 57 келі салмақ дәрежесінде Бекжан Базыл, 63 келі салмақта Берікбол Бекіш, 69 келі салмақта Мұхамедрахым Армия, 75 келіде Нұрислам Әлібек жеңімпаз болып танылды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің грамота және медальдарымен марапатталды.

А.Жолдыбай,
ҚарУ-дің студенті.

Ұлттық спорт ұлықталды

Кейінгі жылдары ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға үлкен күш салынып, қолдау білдіріліп келеді. Нәтижесінде бір заматта өлеусіреп, өшуге шақ қалған дегдар дүниелер дәріптеліп, бекзада болмыс қайта биікке көтерілді. Соның бір парасы ретінде қайсыбір уақыттарда қол үзіп қала жаздаған ұлттық ат спортын айтуға әбден болады.



Тұлпарға тақым артып ойнайтын – көкпар, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату сынды спорт түрлерінің барлығы ер-азаматты төзімділікке, шапшандыққа, физикалық тұрғыда күшті болуға бейімдейді. Бұл дегеніміз – әлжуаздық белен алған қазіргі уақытта ұл балаларды болаттай бекем қылып тәрбиелеуге өте қажет.

Соның ішінде болаттай білек пен тастай тақымды қажет ететін көкпар ойынының орны ерекше. Көкпар ептілікті шындап қана қоймай, ешбір жаттығу арқылы қозғалмайтын бұлшық еттің де жұмысын жақсартады. Сонымен бірге ойын ауылдастар арасындағы ауызбіршіліктің сақталуына, ауылдың біртұтастығын демеп отыруға септігін тигізеді.

Ауданымызда бұрнағы жылдары кенже қалған көкпар ойыны қазіргі уақытта қарыштап даму үстінде. Бір заматта бас-бұзар мінезі жоқ қойторымен додаға түсетін аудан азаматтары бүгінде ес жиып, оны мән солына қарап, көшпен қалмай сырт өңірлерден небір дүлдүл тұлпарларды әкеп, тақым артып жатқан жайы бар. Соңғы екі жылдың мұғдарында ауыл-ауылдан командалар жасақталып, жер-жерде көкпар ойыны өткізіліп жатыр.

Мәселен, күні кеше Сарытерек ауылында ауданның атқамінер азаматтарының басын тоқайластырған үлкен спорттық шара өтті. Мамыр айының 31-і күні Ж.Кенесбаев атындағы мектепті тәмамдағандарына 10 жыл болған түлектер жұдырықша жұмылып, көкпар жарысын ұйымдастырды. Осы тұста айта кеткен абзал, Сарытерек ауылында өзге өңірлерге өнге боларлық жақсы үрдіс қалыптасқан. Мектеп қабырғасын тәмамдағанына 5, 10, 20 жыл болған түлектер шама-шарқынша түрлі спорттық сайыстар өткізеді.

Сонымен, ат десе ішер асын жерге қоятын апталдай азаматтардың басын қосқан байрақты бәсекеге Үшарал, Ақтоғай, Шабанбай би, Нүркен және Сарытерек ауылынан қос команда қатысып, бақ сынады. Құлқын сәріде басталған дүбірлі дода тартысты өтті. Әр ауылдың намысы мен үмігін арқалап келген командалар әдемі ойын өрнегін көрсетті. Болаттай ат тұяқтары көкпар алаңының шаңын көкке көтерді. Бесінге бет бұрған шақта өз мәресіне жеткен жарыстың жеңімпаздары анықталды.

Ұзақты күнге ұласқан байрақты бәсекеде бағы келіскен Үшарал командасы жарыстың жеңімпазы атанып, ақшалай сыйлыққа ие болды. Ал Ақтоғай командасы II орынға шықса, Шабанбай би командасы үздік үштікті түйіндеді. Аталмыш сайыста жеңімпаз деп танылған барлық қатысушыға ақшалай сыйлықтар тарту етілді.

Е.Айтжан.

Ата кәсіпті нәсіп қылған

Кәсіпкерлікті дамыту – бүгінгі күннің алға қойылған маңызды міндеттерінің бірі. Кәсіпкерлік қаншалықты дамыса, экономика да соншалықты өркендеп өсе бермек. Сол себепті де, Мемлекет басшысының халыққа арнаған Жолдауында: «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» аясында оның құралдарын нығайта отырып, халықтың осы санаттарын кеңінен тарту қажет», – деп, ел алдына үлкен мақсат қойды.

Осы ретте өз ісін ашып, алдына мақсат қойып, өзінің шағын кәсібін дөңгелетіп отырған кәсіпкер хақында сөз қозғауды және өзге азаматтарға үлгі ретінде насихаттауды жөн санадық. Бүгінгі күннің талабы да осы. «Кәсібіне қарай – нәсібі» демекші, бүгінде өз мүмкіндіктеріне қарай кәсіп ашып, шаруасын дөңгелетіп отырғандар саны күннен-күнге артып келеді. Сол жандардың қатарында ақтоғайлық Е.Мәнтай да бар.

Төрт түлік малды тіршілігінің тірегі етіп, көшпенді өмір



өткерген халқымыз малдың сүтін сусын, етін азық, терісі мен жүнін киім, өзін күш-көлік еткен. Әсіресе, жылқы түлігіне ерекше көңіл бөлген. Жылқы малының санына ғана емес, сапасына да баса мән берген. Демек, ертенін ойлап, келешегіне үлкен жауапкершілікпен қараған бабаларымыз «Үш бие бұлақ басы, екі бие ел асы, бір бие жоқтың қасы» деп, жылқы малын, оның ішінде бие өсірудің айрықша қажет екенін ескерген.

«Ер қанаты – ат» деп қараған халқымыз жылқы түлігін көлік ретінде ғана қарамай, оның барлық өнімін түгелдей күнделікті тұрмыста қолдана білген. «Мінсең – көлік, ішсең – сусын, жесең – ет» деген ел арасындағы сөз содан қалған болса керек. Иісі қазақ жылқы сүтін – саумал мен қымызды ежелден «дәртке шипа, денге саулық» ретінде пайдаланып, ата кәсіптен қол үзбеген.

Біздің бүгінгі мақаламызға мәйек болып отырған үйелмен – Ернат пен Ләззат осынау ата кәсіптің, яғни бие сауып, жұртшылыққа саумал, қымыз сату ісімен шұғылданады. Бір кездері елнбей қала жаздаған шаруашылықтың пұшпағынан ұстаған кейіпкерлеріміз былтыр аудан әкімінің грантына өтінім білдіріп, бизнес-жоспарына қарай комиссия мүшелері мақұлдап, ақшалай қолдауға ие болды. Қаражат қолға тиісімен шаруаға білек сыбана кіріскен отбасы бүгінде алғашқы нәтижеге де қол жеткізіп, ел арасынан өз тұтынушыларын да таба білді. Осылайша «екі қолға бір күрек тауып», кәсібін дөңгелетіп отырған жас кәсіпкерлермен жуырда тілдесудің сәті түсті. Әрбір бір жарым, екі сағат сайын болатын сауынның арасынан уақыт тауып, бізбен аз-кем сұхбат құрды.

Жалпы, өзіміз бұл іспен шұғылданбағанымызбен, бие байлап, қымыз сатып жүрген ауылдастарды көзімізбен көріп жүрміз. Бозала таннан тұрып, түнімен жайылымға жіберген үйірді тауып айдап әкелу де кейде машақат. Сауыннан мезі болған кейбір үйір баз-базда тығылып қалады дегенді де естігенбіз. Осылайша, жылқыларды айдап әкеліп, биелерді нокталап, құлын атаулыны желіге байлағаннан кейін алғашқы сауын басталады. Одан әрбір екі сағатқа жетекабыл уақыт сайын сауын қайталанып

отырады. Оның арасында күбі ыстап, бабына келтіріп бәркездеп, күбі пісу жұмысы да бар. Қарап отырсаңыз сары алтындай бір тостақ қымыздың артында қаншалаған уақыт пен қаншама бейнәт және соншалық еңбек жатыр.

Мақсат-мүдделері бір арнада тоғысып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ата кәсіпті дөңгелетіп отырған отбасының отағасы Ернат Мәнтай 1994 жылы дүниеге келген. Небір дүлдүлдерді дүниеге әкелген қасиетті Ақтоғайдың топырағына кіндік қаны тамған. Осы өлкенің жырасы мен жықпылың, тауы мен тасын бес саусағындай білетін зерделі азаматтың бірі. Ал жары Ләззат Баймұрат та ақтоғайлық. 1993 жылы туған. Алланың қалауымен дәм-тұздары жарасып, екеуі 2018 жылы шаңырақ көтерген. Екі баланың ата-анасы.

– Бұл кәсіп 2015 жылы басталды – деп, Ернат өңгімесін әріден тарқатты, – сол «Бизнесің жол картасы-2020» бизнесі қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «Атамекен» палатасы арқылы Қамбар ата баласын көбейту мақсатында несие алдым. Ілкі заманда қазақтың әрбір шаңырағында бие байланып, дастарханынан саумал, қымыз үзілмеген ғой. Сондықтан да, иісі қазақтың баласының қанында қымыздың қасиеті жатыр емес пе?! Содан, 2016 жылы биелерімді байлап, саууды қолға алдым. Міне, содан бері қол үзбестен бие сауып келемін. Кейін кәсіптің өрісін кеңейту үшін 2019 жылы Ләззат «Бастау-бизнес» бағдарламасы арқылы бизнес туралы білімін шыңдап, келер жылы «Атамекен» кәсіпкерлікті қолдау

палатасы арқылы несие алды. Осынау қаражаттың есебінен тағы да сауын биелердің санын арттырдық. Осылайша, «мінсе көлік, ішсе қымыз» жылқы жарықтықты табыс көзі қылдық. Бұдан кейін 2022 жылы жұбайым «Қымызхана, саумал, терапия» жобасымен аудан әкімінің грантына қатысып, 800 мың теңге грант иегері атанды. Бұл ақшаны алудағы мақсатымыз киіз үй сатып алу еді. Қазіргі уақытта ауыл басын қымыз, саумалмен қамтамасыз етіп отырған жайымыз бар. Балқаш, Қарағанды, Алматы, Астана қалаларынан арнайы тапсырыс түсіп, қымыз алдырады. Бұдан бөлек, түрлі дәртке мың да бір ем – саумал сусынын ішу үшін іздеп келетін жандардың қарасы қалын. Қымызхана қазіргі таңда арнайы тапсырыспен жұмыс жасайды. Ал тек саумал, қымыз ішеміз деп келушілер болса, есігіміз әрқашанда айқара ашық, – деп



жас кәсіпкер сөзін түйіндеді.

Жұмыстың жоқтығын сыныққа сылтау қылып, қол қусырып жүрген жастар аз емес. Барлығының айтатын уәжі біреу-ақ. Ал «екі қолға бір күрек» таба алмай жүрген жандарға өзінді-өзін жұмыспен қамты деп, мемлекет үлкен қолдау білдіріп отыр. Сондай сәтті қалт жібермеген Ернат өзінің еңбекқорлығының арқасында әл-ауқатын арттырып, ауданды былай қойып, сонау Алматыға да өз өнімін саудалап отырған табысты жанның бірі. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген тәмсілді басшылыққа ала отырып, біз жас отбасын өзгелерге өнеге қылсақ деген мақсат тұттық.

Еліміз орда бұзар жастан енді ғана асқандықтан, Қазақстан – әлемдік аренада дамушы елдердің қатарында. Сол себепті де өзге салаларға қарағанда, біздің ел экономикаға басымдық беріп, бұқараның әл-ауқатының артуына, осылайша ішкі және сыртқы нарықты нығайтуға барынша күш салып жатыр.

Мемлекет барынша қолтығынан демеп келе жатқан

Ер еңбегімен еңселі

бизнес – осының үш аяғы секілді, ел экономикасының негізгі тірегінің бірі. Өндірісіне, ауқымына, жұмыс күшіне қарай бизнес шағын және орта, ірі бизнес деп үш топқа бөлінеді. Ірі бизнесінің сырт елден инвестиция тартып, ел қоржынына қомақты қаржы құйып жатқаны екі бастан белгілі. Ал шағын және орта бизнес ел ішіндегі кәсіпкерліктің бойына қан жүгіртіп, сыртқа тәуелді болмай, экономиканың дамуы мен тұрақтылығын сақтайды. Сол себепті де еліміз «Бизнесің жол картасы – 2025» бизнесі қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қолға алды. Қазіргі таңда аталмыш бағдарламаның шеңберінде ірілі-ұсақты ілкімді істер жүзеге асу үстінде. Соның нәтижесінде бизнес-жоспары мығым, «ақырын жүріп анық басатын», өз кәсібімді ашып, дөңгелетемін деген талай азамат бір-бір шаруашылықтың пұшпағынан ұстап, ырзық-несібесін теріп жүр. Бұл – бір есептен етек жайып кеткен жұмыссыздықты жоюға да септігін тигізетін берекелі бағдарлама.

Бұдан бөлек өзге өңірлерді айтпағанда, ауданымызда жыл сайын жас кәсіпкерлерді қолдау үшін арнайы аудан әкімінің гранты беріледі. Бірнеше жылдан бері жүлгесі үзілместен ерік-жігері мықты жастарға үлестіріліп келе жатқан гранттың талайға шарапаты тиді. Күні бүгінге дейін қайсыбір ауылдарда бой көтеріп жатқан дүкендер мен түрлі нысандар – сөзіміздің жанды айғағы.

Күн жылысымен ақ құрылыс жұмыстарының қарқын алатыны белгілі. Тұрғындардың бірі жана үй көтерсе, енді бірі сарай, гараж, басқа да нысан салуды қолға алады. Тіпті тұрғын үй кеңейтіп, бөлмелер қосатындар да аз емес. Міне, осы уақытта көпшіліктің құрылыс материалдарына, әсіресе, қыш кесекке деген сұранысы артады. Ал мұндай сәтте қыш өндіріп, кесек құюды кәсіп еткендердің жұмысы қызды.

Бүгінгі таңда заман ағымына қарай кірпіш атаулының түрі сан алуан. Сондықтан да, қазіргі уақытта құмды блок пен шлак блок жасап шығаруды кәсіп көзіне айналдырушылар қатары күн өткен сайын артып келеді. Сондай жандардың арасында шабанбайлық Ердос Шәкіжанов та бар.

Ердос бүгінде сұранысы өте жоғары кірпіш құю ісімен шұғылданады. Осыдан үш-төрт жыл ілгеріде ағасы Жандос екеуі осынау кәсіпке бет бұрып, әуелгіде қарапайым қалыппен шлак блок кірпіштерін құйып бастаған. Сол уақыттың өзінде ауыл тұрғындары қат-қабат тапсырыс беріп, ұзын-сонар кезекте тұратын.

– Кәсібімнің өрісін кеңейту үшін былтыр бизнес-жоспарымды әзірлеп, аудан әкімінің грантына өтінім бердім. Кейін сұранысым мақұлданып, 800 000 теңге гранттың иегері атандым. Қолға тиген қаражатқа бірден кірпіш құятын және лай араластырғыш құрылғы сатып алдым. Аллаға шүкір, бүгінде күніне кемінде 300 кірпіш құямын. Ауыл тұрғындарынан түсетін тапсырыс та аз емес. Алайда, кірпіш құю уақыт пен күш-жігерді, табандылықты қажет етеді, – деп, Ердоc шаруашылығының мән-жайына қанық қылды.

Ердос Дәуіржанұлы 1994 жылы Шабанбай би ауылында дүниеге келген. Алаштың алыбы Әлімхан Ермеков атындағы мектептен білімін ұштап, сол ұядан қияға қанат қақты. 2020 жылы Алланың қалауы, пайғамбардың сүннәті бойынша дәм-тұздары жарасып, жары Алтын екеуі шаңырақ көтерді. Қазіргі уақытта алтын қасықтай екі баланың ата-анасы.

Аудан көлемінде екінші бірінші тісі бата бермейтін кәсіптің тұтқасын ұстаған кейіпкер табан ет, маңдай терінің арқасында бірден кейін, бірден ілгері, баққуатты ғұмыр кешіп жатыр. Бұл арада біз табыс көзін емес, адал еңбек, табандылықты насихаттауды жөн көріп отырмыз. Әйтпесе, «бірінші – денсаулық» емес пе?!.

Бетгі әзірлеген Е.АЙТЖАН.

Мемлекеттік қызмет

«Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу тәртібі

«Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу тәртібі («Ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы №18-02/40 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 сәуірде №10676 тіркелді).

Қызмет түрін қалай алуға болады?
 Қағидаға сәйкес, (13-1 тармақ) «Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) мемлекеттік орман иеленушілерге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне не www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы жүгінуге болады.

Сіз қызметті портал арқылы да аласыз. Ол үшін:

1. «Онлайн сұратым» батырмасын басыңыз, содан кейін жаңа терезеде «электрондық лицензиялау» порталы ашылады.
2. «Электрондық лицензиялау» порталында авторизациядан өтініз немесе тіркеліңіз.
3. «Онлайн сұратым» батырмасын басқаннан кейін ашылған «электрондық лицензиялау» порталының бетінде «Өтініш беру» сілтемесін басып өтіңіз.
4. Өтінішті толтырып, ЭЦҚ-мен қол қойыңыз.
5. Берілген өтініштің мәртебесін «Менің өтініштерім» бөлімінде қадағалауға болады. Рұқсатты алу туралы «Менің рұқсат беру құжаттарым» бөлімінен, хабарламаны алу туралы «Менің хабарламаларым» бөлімінен біле аласыз.

Қызмет беруші Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы не жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы, бюджетке орман пайдалану үшін төленгені туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады.

Құжаттар пакеті толық болған кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған деректердің 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 36-бабына сәйкестігін қарайды және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ағаш кесу билетін немесе осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес орман билетін толтырады немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартады.

И.Омарбекова,
 «Орман мен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» КММ кадр маманы.

Қажығалиева Бибігүл

Алғаш мектеп табалдырығын аттатып, мектеп партасына отырғызып, алғаш әріп танытқан бастауышта білім берген ұстазымыз Қажығалиева Бибігүл 86 жасқа қараған шағында өмірден өтті.



Шәкірт алдында адал өзіне де, өзгеге де әділ бола білген ұстазымыз еді. Өмір қандай өткінішті, тағдыр не текен қатал десеніңші! Ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшықты еңбегімен дараланған жан жайлы ерекше ілтипатпен айтуға болады. Ол – ұлағатты ұстаз. Себебі, ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын педагогтік қызметке арнап келді. Көз алдымызға ақжарқын мінезді, ақжүректі, жылбыжүзді оның жарқын бейнесі көрініп, қиялға батырып, еріксіз көзімізге жас келе, нұрлы естеліктерге жетелей жөнеледі. «Адамның адамшылдығы – жақсы ұстаздан» деп Абай хакім айтпақшы, Қажығалиева Бибігүл мұғалімнің әрбір ісі мен еңбегін бағалап, ұлағатты ұстаз, адамгершілігі мол адам ретінде жарқын естеліктер біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Ұлағатты ұстазымыз, жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын! Иманыңыз жолдас болсын!

Ұстаз едіңіз жүректерге гүл еккен,
 Адалдықты көкіректе түлеткен.
 Сіздің биік рухыңызға бас иіп,
 Еске аламыз сағынышты жүректен.
Көңіл айтушылар: 1972 жылғы туған, М.Горький атындағы қазақ орта мектебін 1989 жылғы бітірген 10 «б» класс түлектері.

Жарамсыз деп танылсын

Тасарал ауылдық округінің тұрғыны, ШҚ жетекшісі Исатаева Тлеукеш Биляловна ЖСН 490320401877 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий» 115Ф маркалы, заводтық нөмірі АА00841001, шыққан жылы 2009 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Нүркен ауылдық округінің тұрғыны, жеке кәсіпкер Каршыгін Дархан Дүйсембекулы ЖСН 810615301289 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген ОКА 102 Ф маркалы, заводтық нөмірі 192820, шыққан жылы 2005 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларау ауылдық округінің тұрғыны, жеке кәсіпкер Ахметова Орал ЖСН 500920450128 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий» 115 ФКЗ маркалы, заводтық нөмірі 000001421862 кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Нүркен ауылдық округінің тұрғыны, жеке кәсіпкер Каршыгін Дархан Дүйсембекулы ЖСН 810615301289 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген, 24.07.2008 ж. берілген №0003272 санды арақшарапты бөлшек сағуға арналған лицензиясы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қусақ ауылдық округінің тұрғыны, жеке кәсіпкер Ерменбет Орал Амирхашулы ЖСН 660408300480 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника» 1102Ф маркалы, заводтық нөмірі 1311481, шыққан жылы 2003 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Тасарал ауылдық округінің тұрғыны, жеке кәсіпкер Шахжанова Дина Кемшимовна ЖСН 800224450462 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника» 1102Ф маркалы, заводтық нөмірі 1210169, шыққан жылы 1999 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Еске алу

Ақтоғай ауылының тұрғыны, асқар таудай ардақты әкеміз, немерелерінің қымбатты атасы Төлешев Рүстем Досжанұлының дүниеден өткеніне 10 жылдай уақыт болды. Отбасының қорғаны, балаларының ақылшысы, қамқоршысы болып, ержеткізген абзал жанның ақыл-кеңесі мен ұстанымы ұрпақтарына мәңгі үлгі-өнеге. Әкеміздің мейірімді жылы жүзін, асыл бейнесін сағынышпен еске аламыз. Жатқан жері жарық, топырағы мамық, жолдасы иманнан, орны жұмақтан болсын деп рухына Құран бағыштаймыз.



Торқа болсын жан әке, топырағың,
 Сен – бәйтерек, ұрпағың – жапырағың.
 Еске алып, қол жаяды, әке, сізге
 Артта қалған ұрпағың, атырабың.
Рухына тағзым етіп, сағынышпен еске алушылар: жолдасы – Шолпан, балалары және немерелері.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тұрғыны, сыйлас әріптесіміз болған жан Каримова Жаннат Ануарбекқызының өмірден өткеніне де 1 жылға жуық уақыт болыпты. Аман не, Алланың жазуымен, қатал тағдыр ортамыздан ардақты жанды ерте алып кетті. Дүниеден озса да, асыл бейнесі мен ақжарқын жүзі біздің санамызда мәңгілікке жатталып қалды. Әріптесіміз тіршілігінде ақкөңіл мінезімен дос-жаранға адал ісіне ұқыпты, мейірімді, жүрегі кең, өз ортасында сыйлы жан еді.

Сағына еске ала отырып, топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта болып, қабіріңіз иман нұрымен нұрлансын деп Алладан дұға етіп тілейміз.
 Ғұмыр кешіп атына сөз келмеген,
 Мәңгілікке аттандың көз көрмеген.
 Сізге деген сағыныш таусылар ма,
 Дүние өзгерсе де өзгермеген.
Сағына еске алушылар: Ақтоғай аудандық сотының ұжымы.

Еске алу

Ақтоғай ауылының тумасы, қадірлі, сыйлас болған құдамыз Игембаев Сәбит Аманбайұлы тірі болғанда алпыс жасқа толар еді. Ортамызды толтырып туған күнін тойлар едік... Өткен, тағдырға дауа болмай, құдамыз ерте өмірден өтіп кетті. Бүгін сол аяулы жанды еске ала отырып, тойлай алмай қалған алпыс жасын соңында қалған аяулы жары, құдағиымыз Маржан, балалары атап өтіп, Құран бағыштап жатыр. Алла сол ниетін қабыл етіп, иман байлығын жазсын. Сәбит құданың жасамаған жасын Маржан мен балалары жасасын, ұрпақтары әркез еске алып жүрсін. Топырағы торқа болып, нұры пейіштің төрінде шалқысын.



Есімінді ұмытпаймыз мәңгілік,
 Дауысың түр құлақта жаңғырып.
 Жаратушы алдыңнан жарылқап,
 Пейіш бақтан орын берсін мәңгілік.
Еске алушылар: құда-құдағиы – Қазыбек-Сәбила, балалары – Бақытжан-Жансая, жиндері, құда балалары.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тумасы, қадірлі де сыйлы бауырымыз **Бауымбеков Шәкібол Орымбайұлы!**

Сізді адам өмірінің айтулы бір белесі, Пайғамбар жасы – 63-ке толып, зейнетке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Саналы өмір жолыңызды ұстаздыққа арнап, Отанымыздың болашағы жас ұрпақтың мықты да шыныққан азамат болып өсуіне көп үлес қостыңыз. Осы ұстаздық еңбектің жемісін зейнетте көріп, алансыз демалуыңызға тілектеспіз. Балаларыңыздың, немерелеріңіздің ортасында бақытқа, базарлы қуанышқа, ажарлы күлкіге бөлене беріңіз!

Құтты болсын туған күн,
Бақытты боп қуанышпен өмір сүріңіз.
Пайғамбар жасы 63-ке келіп жеттіңіз,
Енді 100-ге құлаш серменіз!

Құрметпен: Бауымбековтер әулеті.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Сағатбек Жақыпбекұлы!**

Сізді бүгінгі қуанышты сәтіңіз – 63 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Ветеринария саласында ұзақ жылдар бойы өнегелі еңбек етіп, тындырымды істер атқарып келесіз. Әріптестеріңізге осы бір маңызды саланың қыр-сырын үйретуден жалыққан емессіз. Бүгінде ұжымымыз сізді үлкен абырой-беделге ие болған тәжірибелі, үздік маман ретінде құрмет тұтып сыйлайды. Сіз талантты, өз мамандығын жете меңгерген, қызметтестері алдында ерекше беделге ие болған жансыз. Жинаған тәжірибеніңді тәлімгер және ақылшы ретінде кейінгі жастарға жеткізуден жалықпайсыз.



Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елкілі саналса керек. Сөйтсе-дағы Пайғамбар жастың орны ерекше. Міне, ортамызда аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсыз. Біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы ұштастыра отырып, ветеринария саласына сүбелі үлесіңізді аянбай қосып келесіз. Игі істеріңіздің қашанда оңға басыуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына, ел алдындағы абыройыңыздың, қоғамдағы беделіңіздің арта беруіне тілектеспіз.

Сізге ақ ниетпен қартаймас жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір, жемісті еңбек пен сарқылмас қуат тілейміз. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге, әр күніңіз жақсы жаңалыққа толы болсын! Аяулы жарыңызбен ұрпақтарыңыздың арасында бақытты да баянды ғұмыр кешіңіздер!

Игі тілекпен: «Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК ұжымы.

Құттықтаймыз!



Құрметті бір әулеттің ардақты жандары, сыйлы ағамыз **Ерлік** пен аяулы жеңгеміз **Маяны** асқарлы 60 жасқа толған мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осы қуанышты күні сіздердің дендеріңіздің саулығын, шаңырақтарыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын тілейміз. Көңілдеріңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдыныңда қайғы-мұңды білмей, бірге еркін жүзе беріңіздер. Күш-қайраттарыңыз кемімей, Алланың берген жасын жасап, ел-жұрт пен ағайын-туғанның ортасында бақытты ғұмыр кешіңіздер!

Жаңа белес құтты болсын келіп жеткен,
Жадыратсын жаныңды сұлу көктем.
Алпыс жас берекелі болсын сізге,
Жақсылықтың жыр-өні нұрын төккен

Ақ тілекпен: Бакыткүл-Умия, Бақшагүл-Дәулет, Мақта-Өмірғалы, Рысқұл-Құралсын, Саягүл-Сәулет, Айна-Нұрхан, Әсем-Арсең, Анамыз – Гайне.

Құттықтаймыз!



Құрметті сыйлы әріптесіміз **Аумағанқызы Нұрғайын!**

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Құрметті әріптес! Келіп жеткен белесіңіз тек қуаныш, бақыт, денсаулық пен сәттілік әкелсін! Әрдайым басқан қадамың қарымды да құтты болып, еңбекте жемісті, өмірде жеңісті бола беріңіз. «Қарапайым өмір сүрген жан жүз жасайды» деген сөз бар. Мейірімді, жүрегі таза, қиналған сәтте қол ұшын беруге дайын тұратын әріптесіміздің бақытты, ғұмырлы, өмір жасы ұзақ, берекелі болуына шын жүректен тілектеспіз.

Өмір көші жеткізіпті асқар шыңға,
Көре берші туған күнді әрбір жылда.
Жүзі жарқын, әріптес, құтты болсын,
Арналады осы күн өлең-жыр да.

Ізгі тілекпен: Ардақ, Мейрам-Панар, Ермек-Рысалды, Талғат-Гүлбарам, Өміржан-Сәуле, Асхат-Айсұлу, Мейрамбек-Мақпал

Құттықтаймыз!

Қоблан атасының балдай тәтті тұңғыш немересі Ансар Нұрсұлтанұлын бастауыш сыныпты бітіруімен шын жүректен құттықтаймыз! Кішкентай балдырғанымызға өмірдегі бар жақсылықты тілейміз. Ең бастысы, дені сау, шаттық-қуанышы мол болып, алдағы мақсат-тілектеріне жете берсін. Атасының ізін жалғап, жақсы атын шығарып, барша ағайынның ардақ тұтар абзал азаматы болып ержетуіне тілектеспіз. Әулетті жарқын келбетімен жарықтандырып, нұрына бөлесін, айналасына шуағын төгіп, оқуда алда болсын. Алла тіл-көзден сақтап, аман-есен ортамызда жүре берсін! Бәріміздің көзқуанышымыз болып, үкілі үмітімізді ақтап, тек қана биік шыңдардан көріне беруіне тілектеспіз.



Құттықтаушылар: нағашылары – Бауымбековтер әулеті.

Құттықтаймыз!



Құрметті аяулы анамыз **Нұрғайын Аумағанқызы!** Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, айналаңызға нұрыңызды шашып, аналық бақытқа көңеліп, еңбегіңіздің бейнетін емес, зейнетін көріңіз.

Біз сізді жан-жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, мерекелі мерейтой күні сізге денсаулығыңыз күйлі-қуатты, жүрегіңізге Алланың нұры құйылып, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қызығыңыз мольна болсын деп тілейміз. Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын!

Төріңнен күн жоқ қонақ толастаған,
Күй шалқып, отауында жарасқан өн.
Ананы қазақ Тәңір санапты ғой,
Өзіңнен бұл фәниде жан аспаған.
Алпыс жас – енді өмірдің басталғаны,
Жетіңіз талай шыңға, асқарға өлі.
Ұл-қызың, немерелерің аман болсын,
Сол емес пе ананың басты арманы!

Ақ тілекпен: күйеубалалары-қыздары – Нүргелді-Меруерт, Еркебұлан-Маржан, жиендері – Айлана, Айзада, Қуаныш, Жангелді, Нұрдіәулет, Аян, Арман, Ақжол

Құттықтаймыз!



Құрметті мектеп бітіруші жас түлектер **Акерке Фибратқызы, Айнұр Жәстілекқызы!**

Үлкен өмірге қанат қағып барасындар. Қанаттарың талмасын, биіктерге шырқандар! Жоғарғы оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітірулеріңе тілектеспіз. Таңдаған мамандықтарыңның мықты маманы, кәсіпқойы болыңдар! Мектеп өмірі артта қалды, алдарыңда күтіп тұрған жана өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте берулеріңді тілейміз.

Алтын ұя мектептің тұлпарлары, дүлдүлі,
Жұлдыздары жүректің жетілдіндер бұл күні.
Бірін – хақім, ал бірін болыңыздар ғұлама,
Мың дауыспен сайраған о өмірдің бұлбұлы!

Игі тілекпен: папаларының сыныптастары – Марлен-Бота, Исламбек-Қарлығаш, Сембек-Қорлан, Инабат-Гүлмира, Ерболат-Алмағұл, Самат-Сәуле, Жанар-Амантай.

Құттықтаймыз!



Құрметті **Нұрмағанбетова Ақбота Нұрбекқызы!**

Сені соңғы қоңырау мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Саған зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол бақыт тілейміз. Білім төрінде қалықтап, өзін таңдаған мамандығыңның иесі бол ата-ананың қуанышы бол!

Бота, міне өмір ағысымен сырғып, сенің де мектеп бітіріп, қолына аттестат алатын уақытың келіп жетті. Балалықпен қоштасып, даналыққа бағыт алған сәтіңе құтты кадам тілейміз. Ақ жол!

Жүрекжарды тілекпен: Сайлау-Қорлан, Жәнібек-Гаухар, Данияр-Сағыныш, Серікбол-Назерке, Ерсін-Әсем.

04 қыркүйек 2022 жылы **Мажинов Кадилкарим** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін **Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға**, **Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына** хабарласуына болады. Тел.: 8 705 832 83 06.

26 қаңтар 2022 жылы **Байсеркин Торғай** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін **Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға**, **Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына** хабарласуына болады. Тел.: 8 705 832 83 06.



Ақ жол, саған жас түлек!



Құрметті мектеп бітіруші **Жанқабұлов Абылай Ержанұлы!**

Сені мектеп бітіру салтанатымен құттықтаймыз! Бала шақтан болашаққа бастаған қадамың сәттілікпен басталсын. Әмсе ақ арманың қияларға жетелеп, биік шыңдардан көріне бер. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін өмір айдынында желкенді кемең алға сүйреп қабағыңды кір шалмасын. Көздеген мақсаттарына қол жеткізіп, армандарың орындалсын. Келешегің кемел болашағың нұрлы болсын!

Қуаныштан бұлқынады жас жүрек,
Ақ жолына арнадық біз ақ тілек.
Армандарға алыстағы жете бер,
Қадамың құтты болсын, жас түлек!

Тілек білдірушілер: ата-әжесі – Жанқабұл-Дариға, ата-ана – Ержан-Диана, аға-бауырларың – Ерлан, Ернарар, қарындасың – Аружан.

Әулетіміздің қызғалдақтай құлпырған еркесі **Мірәсіл Ұлжан Өмірсерікқызы!**

Сені алтын ұя мектебіңмен қоштасу сәтімен құттықтаймыз! Күні ертең сенің алдынан үлкен өмірдің есігі ашылғалы тұр. Болашаққа қанат қағар сәтте алдындағы тұрған сынақтан сүрінбей өтіп, арманыңа, көздеген мақсатыңа жетуіңе тілектеспіз. Бастысы, денсаулығың мықты болсын. Алдындағы жүрер өмір атты жолың өркеш ашық болып, жұлдызың жарқырап, құрбыларыңның алды бол қалаған мамандығыңның егесі бол. Келешегің кемел болашағың жарқын, жүрер жолың нұрлы болсын!



Үміт күттік өзіннен, үміт неге алдасын,
Жұдырықтай жер шарын қыз қиялың шарласын.
Жатса ғалам шақырып, алақаны нұр төгіп,
Патша-далаң басына ақ батасын арнасын.

Ақ тілекпен: әжең, Салтанат көкең, Ерлан, Эльнара, Ұлаң, Аян.


Құрметті мектеп бітіруші түлек **Болатбаев Әсет!**

Сені алтын ұя мектебіңмен қоштасып отырған мерекенмен құттықтай отырып, өмір деп аталатын алып күре жолда сүрінбеуіңе тілектеспіз. Өмірінде әлі де кездесетін қиын белестердің бірінен аттап, болашаққа сәтті қадам бастың. Осы қадамына құт қонсын. Келешегің кемел болашағың нұрлы болсын. Ойға алған мұрат-мақсаттарыңа жетіп, ел мақтайтын, елге қызмет ететін азамат бол. Жоғарғы оқу орнына түсіп, өзін таңдаған мамандықтың кәсіпқойы бол. Алдынан ақ тандарың күліп атып, өмірде жігерлерің мұқалмасын. Асқар шыңдарды бағындырып, қонар тұғырларың биіктей берсін!



Жақсылықты мектебіңнен тапқаның,
Ұстаздардың мандай тері ақталсын.
Досқа сыйлы, барша адамға жомарт деп,
Туған-туыс, бауырларың мақтансын.

Ақ тілекпен: Нұрғай, Боранбай-Айнұр, Серғазы-Гүлден, Бота-Перизат, Құтжан-Жамал, Аманқұл, Азамат-Ақнұр.



Құрметті Несіпбай Аяулым **Балқашбекқызы!**

Мектеп деген алтын ордаға тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан, балдәурен шақтың балауса қызығын өткізген, сөйтіп бойына білікті білім мен тәлімді тәрбие жинаған мектеп-ананнан түлеп ұшқалы тұрсың. Осы қуанышты сәтте деніңе саулық тілей отырып, аңсаған армандарың орындалсын, қанатың талмасын, биіктерге шық! Жоғарғы оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіңе тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол! Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіңді тілейміз.

Жаңа өмірге сапар бастадың,
Асқарға қолыңды соз, балам.
Бәйгеге түс те бақ сына,
Ашық болсын жолдарың!

Ізгі тілекпен: Мүсіркеп, Рахман, Жетпіс, Абзал, Зәуреш, Сәкен, Серік, Ардақ, Даша, Жоламан, Марлен, Жәніс, Бейбіт, Нұриманның отбастары.

Сүйікті біздің **Ләззат Кәукербекқызы!**

Тарыдай болып кірген, білім нәрімен сусындатқан алтын ұя мектебінді аяқтап, үлкен өмір белесіне жолдама алғалы отырсың. Ләкош, ең бастысы, денің сау болып, қабағыңды кір шалмасын. Алдындағы жетістіктерге қол жеткізіп, армандарыңа сүрінбей жетуіңе тілектеспіз. Ата-ананың сенімін ақтап, әрқашан жолың ақ болсын!



Жас түлектер қақты бүгін қанатын,
Сәулелік күн жүрекке от жағатын.
Ұмытпа, сен қоныраудың сыңғырың,
Көңіліңе мәңгі ұялап қалатын.

Ақ ниетпен: Серікбол-Қарлығаш, Айдос-Мика, Айжан, Еркеназ, Ерсұлтан, Азамат-Балжан, Медина.



Құрметті жас түлектер **Саматов Данияр, Мірәсіл Ұлжан!**

Сендер мектеп табалдырығыңнан түлеп ұшып, үлкен өмір жолына аттанып барасындар. Осы



аққолдай сапарларыңда білімнің биік шыңынан көрініп, болашақтарыңнан үміт күтіп отырған туғандарың мен ұстаздарыңның сенімін ақтап, білікті, білімді, парасатты тұлға болып қалыптасындар. Өмір жолыңда сәттіліктер жар болып, қадамдарың сәтті болсын. Қанаттарың талмасың, биіктерге шырқандар. Ойға алған мақсат-мұраттарыңа жетіп, ел мақтайтын, елге қызмет етер азамат болындар. Келешектерің кемел болашақтарың нұрлы болсын!

Өмір-өзен аямасын сый нұрын,
Есте қалар ерекше ғой күн бүгін.
Мектепкең қоштасарда сендерге,
Шашайықшы әсем әуен жыр-гүлін.

Ізгі тілекпен: Қанат-Бақыт, Бағдат.



Құрметті Еламан Күнұры **Марғұланықызы!**

Сені бүгінгі мектепкең қоштасып, үлкен өмірге жолдама алғалы тұрған мерекенмен құттықтаймыз! Бүгін сен үшін мектепкең қоштасуға арналған атаулы мереке. Мектепті жақсы бітіріп, жоғарғы оқу орнына түсіп, биік белестерден көрін. Нұрлы жол, думанды шақ тілейміз. Кеудеңе күн орнасын. Ата-ананың қуанышы, шаңырағыңның шуағы бол Жұлдызың жансын!

Армандарың асқақтап, мақсатқа жет,
Жас түлектер, абыройлы, жақсы атқа жет.
Ұшқыр болсын ойларың, биік самға,
Көктемдейін құлпырып, көңіл гүлдеп.

Ізгі тілекпен: Нұрзия, Зәуреш, Әлия, Марлен-Бота, Көптай-Бақша, Гүлшат, Ғайнолла-Саламат, Нүргелді-Индирра, Бекзат-Мая, Жанболат-Айзат.



Мектеп бітіріп отырған жас түлектер **Камерият Назерке Тілеуберліқызы, Камерият Азиза Амангелдіқызын**

қуанышты күндерімен құттықтаймыз! Үлкен өмірдің табалдырығың аттап отырған сендерге ақ жол тілейміз. Алда талай сын-белестер күтіп тұр. Көздеген мақсат-мұраттарыңа қол жеткізіп, армандарың орындалсын. Келешектерің кемел, болашақтарың жарқын болсын. Сендерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, думанға толы шуақты күндерің көп болсын деп тілектестік білдіреміз.

Ақ арманың тосып тұр-ау алда шың,
Кербез көңілің биіктерге самғасын.
Мына өмірде алып шығар өзінді,
Еңбек, білім, қос қанатың талмасын.

Тілек білдіруші: Шәкеновтер әулеті.



Құрметті мектеп бітіруші жас түлектер **Сағадиева Жансая Сәбитқызы, Хамит Нұршат Ерлікқызы!** Сендерді алтын ұя мектептеріңмен қоштасып, үлкен өмір айдынына аттаған қадамдарыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Келешекте алдарыңнан ақ тандарың күліп қарсы алып, жарқын болашақтарыңа нық қадам басып, тарам-тарам өмір жолдарыңда биіктерді бағындыра біліңдер. Ата-аналарыңның үмітін ақтап, аңсаған армандарыңның иесі болыңдар!



Жас түлектер қақты бүгін қанатың,
Сәулелік күн жүрекке от жағатын.
Кім ұмытпа қоныраудың сыңғырың,
Жүрегіңе мәңгі ұялап қалатын!

Ақ тілекпен: Қазыбек-Сәбила.



Қ.Нұржанов атындағы мектептің түлектері **Боранбай Жаннұр Қанатқызы, Амандыққызы Акерке, Қайролла Ділназ Ернұрқызы!**

Сендерді мектеп бітіру салтанаттарыңмен құттықтаймыз. Үлкен өмірге қанат қағып барасындар, қанаттарың талмасың, биіктерге шырқандар. Жоғарғы оқу орнына түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітірулеріңе тілектеспіз. Таңдаған мамандықтарыңның мықты маманы, кәсіпқойы болыңдар. Балалық шақ артта қалды. Алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарыңнан сүрінбей өте берулеріңе тілектеспіз.

Алтын ұя мектептің тұлпарлары, дүлдүлі,
Жұлдыздары жүректің жетілдіңдер бұл күні.
Бірін – хакім, ал бірін болыңыздар ғұлама,
Мың дауыспен сайраған о өмірдің бұлбұлы!

Ақ тілекпен: Сағынаевтар отбасы.

Ақтоғай ауылының тұрғыны **Ғалым Акерке Ғибратқызы!**

Сені алтын ұя мектепті бітірген қуанышты күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа өмірге қанат қаққан бұл күн сенің өмір атты ұлы дарияның ақ желкеніне ілесіп, өз мақсатыңа бет алған ұмытпайтын аяулы да қуанышты сәт болып отыр. Осы жолда алдағы сынақтардан сүрінбей өтіп, білімнің биік шыңынан көріне бер. Әрдайым жүзін нұрға, өмірің жырға толып, алға қойған үлкен мақсатыңа жете беруіңе тілектеспіз. Арайлап атқан әрбір таның мол жеміске, қуаныш-қызыққа, айтулы жеңіске толы болсын!



Балалығың өтті, міне, байқалған,
Нұры болғын шаңырақтың жайқалған.
Алда арман, асуларға жете бер,
Қабыл болып ақ тілектер айтылған.

Ақ тілекпен: Сәкен-Ләззат, Мақсат-Сәуле, Саяхат, Қуаныш, Санжар, Малика, Мирас.



Қыр гүліндей құлпырған **Балауса Жансерікқызы!**

Мектеп бітіруіңмен құттықтаймыз! Алтын ұя мектепте 11 жылды өткеріп, болашаққа аттандың! Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасың, биіктерге самға! Ақ арманың қанатың қаққанда, Сәттілік нұрын шашсын бағыңа.

Жаң-жағына әрдайым бақыт тұнып,
Басына қонсын бақыт күліп.
Үлкен арман қай кезде де жол табар,
Кезің келді намыс жүгін арқалар.
Қадамың сәтті болсын әрдайым,
Тек жеңіспен жарқырасың мандайың!
Алдағы уақытта тек қана сәттілік серік болсын!

Ізгі тілекпен: нағашыларың – Әбіжан әулеті және бөлелерің.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

